

«Есіл» ауданы ТЖ Баскармасының қызметкерлері Астана қ. ТЖД «ОС және АҚЖК» ММ 16-МОСБ-нің қызметкерлерімен бірлесіп «Ашық есіктер күні» аясында 84-МЛ оқушыларына арнап 16-МОСБ-не экскурсия жүргізді, кездесу барысында мектеп оқушыларына азаматтық қорғау органдарының имиджі, құтқарушылардың маңыздылығы мен мансабы туралы айтылып, біздің қызметкерлердің профилактикалық жұмысы бойынша бейнероликтер көрсетілді. Одан басқа 16 МОСБ-нің техникасы көрсетілді. Оқушылар орт сондірушілердің ортқа қалай жедел түрде шығатыны, дабыл жарияланған кезде жауынгерлік киімді қалай тез киетіндеріне көздерін жеткізді. Іс-шара аяқталасымен балаларға жадынамалар, журналдар мен орт қауіпсіздігін сақтау бойынша бояғыштар таратылды.

Астана қ. ТЖД Есіл ауданы ТЖБ